



ҚАҰІП

ЖАРҚАНАТТАН КЕЛГЕН ЖАМАНАТ ПА?



Айтпақшы, Премьер-Министрдің орынбасары Бердібек Сапарбаевтың айтуынша, Қазақстан үкіметі коронавирустан қорғануға **1,5 миллиард** тенге бөлген. Ухан қаласында оқитын қазақстандық **98** студентті елге қалай жеткізу, қай жерден алып кету туралы екі ел арасында келіссөз жүріп жатыр. Осы уақытқа дейін көрші елге саяхаттап барған **680**

отандасымыздың тең жартысы елге оралған. Ескерте кетейік, жаманат хабарды жамылып, ел ішіне қанқу таратып жүргендер кездесуде. Атап айтқанда Қапшағайда коронавирус туралы қауесет таратқан жедел жәрдем жүргізушілері. 29 қаңтарда WhatsApp мессенджері арқылы «Қапшағай ауруханасына коронавирус жұқтырды деген күдікпен екі адам түсті» деген ақпарат таралды. Тексеру кезінде бұл расталмады. Күдіктілер қазір жауапқа тартылып жатыр.

(3-бетті қараңыз)

СҰХБАТ

Елімізде ауыл туралы әңгіме көп айтылады да, іске келгенде іркіліс көп. Содан да болар «болашағы жоқ» ауылдан көшкендер, жұмыссыздықтан қала көзіп кеткен жастар жыл сайын көбейіп келеді. Бірақ, бәрібір әрқайсысымыз кіндік кескен жерді сағынып тұрамыз. Сондықтан туған жердің қайта түлегенін қалаймыз. Бұл тұрғыда Сенаторлар кеңесінің мүшесі Жабал Ерғалиев жақында өзекті мәселе көтерді. Осы орайда біз Сенат депутатымен арнайы сұхбаттасқан едік.



Жабал ЕРҒАЛИЕВ,
Сенаторлар кеңесінің мүшесі:

БІЗ АУЫЛДЫ ЖҰТАТЫП АЛДЫҚ

Jas qazaq: Жуырда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің жанындағы республикалық үгіт-насихат штабының мүшесі ретінде сөз сөйлеп, «Қазақстанның кең даласын аралап көрсеніз, жетіспей жатқан екі дүниені байқайсыз. Мал мен жан жетіспей жатыр», — дедіңіз. Осы ойыңызбен қандай мәселеге назар аударғанды жөн деп санайсыз?

Ж.Ерғалиев: «Қайран ауыл» деп еңіреп, етегімізді жасқа толтыра бергенше, ендігі арада ең даланы малға, ауылды жанға толтыру мәселесімен түбегейлі айналысуға тиістіміз. Біз ауылды жұтатып алдық. Ауылдан халықты бездіріп алдық. Біздің негізгі рухани жаңғыратын саламыз, ұлттық кодымыздың бірі — ауыл екенін ұмытпауымыз керек. Мал бағудың идеологиясын қалыптастыру керек. Мал бағудың өзін мақтанышқа айналдыратындай дәрежеге жеткізген жөн.

Міне, негізгі айтқан ойым осы еді. Қазіргі уақытта біз «болашағы жоқ ауыл» деген жүректі тіліп өтетін бір сөзді ойлап шығардық. «Болашағы жоқ ауыл» деген сөз — ауыр сөз. Әсіресе қазақтың жанына ауыр тиеді. Ауылдың болашағы жоқ дегеніміз — сонда сол ауыл халқының да болашағы жоқ деген емеурін емес пе? Қазақстанның солтүстік өңірлерін аралап көрсеніз, расында да жетіспей жатқан екі дүниені, мал мен жанды анық байқайсыз. Ең дала...

Қазір кей ауылдарда мектептері жабылып қалмас үшін балалар үйлерінен, әсіресе мұғалімдер 2-3-тен бала асырап «мектептерін сақтап» отырғандары да бар. Әрине, бала асырап алу сауапты іс болар. Бірақ былай қашанғы «жан сақтайды?». Қаланы қойып ауылдың өзінде бала туу азайып кетті. Сонымен бірге тарап кетудің аз-ақ алдында тұрған ауылдарға алыс және шетелдерден көшіп келіп, қоныс аударып жатқан қандастарымызды орналастыруға, тіпті қалада тұратын сол ауылдың атқамінер азаматтары қандастарымызды өздері іздеп, өз ауылдарына орналастырып жүргендерін де білеміз. Ауылымда өзім тұрмасам да, өзгелер тұрса екен деген ойлары болар. Сонда өзі туған ауылы өзіне керек болмай жатқанда, өзгелер де көп тұрақтап жатқан жоқ. Сосын ауыл еңбекқорлықтың арқасында сақталары анық.

(Жалғасы 6-бетте)

АНЫҒЫ МЕН ҚАНЫҒЫ

«АСЫЛ ТҰҚЫМ» ДЕГЕНІ...

Осыдан бірнеше жыл бұрын еліміздің мал шаруашылығына жауапты дәкейлер Еуропадан асыл тұқымды сиыр тасыды. Сол жолғы қызықты өшкім ұмытпаған шығар? Еуропадан ұшаққа «мінген» аша тұяқтың саны Қазақстанға жеткенде кеміп отырыпты. Зеңгі бабаның рухын шамдандырып алдық па, кім білсін? Әйтеуір, жерден аман-сау көтерілген ай мүйізділер көккө ұшты да ғайып болды. Ғарышкер болып кетпегені анық. Ол бөлек әңгіме.

Бүгінгі әңгіме де ірі кара туралы. Бірақ бұлар көкте жоғалған жоқ. Жерден көтерілмей жатып, құжаты «ауысып» кетіпті. Мәселе былай. Елімізге жалған құжат арқылы словактық деп Чехиядан 50 бас асыл тұқымды ірі кара мал кіргізілмек болған. Бұл туралы ауыл шаруашылық министрлігі (АШМ) хабарлады.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті «Агро-Комплекс-Сулышок» компаниясына Словакиядан 50 бас асыл тұқымды ірі кара малын импорттауға ветеринарлық рұқсат берген. Хабарламада «Құжаттарды, оның ішінде 2019 жылдың 8 қазандағы SVS/2019/120824-J ветеринарлық сертификатын тексеру барысында жануарлардың шыққан елі Чехия екені анықталды. Ол мемлекеттің уәкілетті органдары бірнеше рет жалған ветеринариялық сертификат пен куәлік беру



арқылы әдеттегі жануарларды «асыл тұқымды» мал ретінде экспорттау дерегі тіркелген болатын. Осы жағдай бойынша қазіргі уақытта сот процестері өтуде» деп жазылған.

(Жалғасы 4-бетте)

ТАБИҒАТ

КИІК – КӨЗДІҢ ҚҰРТЫ



Киіктің көз жасынан қорықпайтын да болдық. Өкінішке қарай, киік пен браконьер егіз ұғымға айналғандай. Ақшаға құныққандар киікті топтап қырып, оның «қызыл кітапқа» енгеніне де қарайтын

емес. Осылайша ерекше қорғауға алынған түз тағысын бір қолымызбен қорғап, екінші қолымызбен қырып жатқан жайымыз бар.

Атырау облысында қасақана атылған он киіктің өлекесі табылғанда, осы ойымызға түсті. Оқыс оқиға Махамбет ауданында болған. Жануарлардың өлекесін «Охотзоопром» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Батыс Қазақстан облысындағы филиалының жедел әрекет ету тобының инспекторлары тапқан. Қазір қылмысқа байланысты жергілікті полиция қызметкерлері тергеу жүргізіп жатыр. Тізе берсек, мұндай оқиға көп. Заң қанша жерден қатандатылғанымен, ақшаға құныққан ашкөздер айылын жияр емес.

Адамдардың айуандық әрекетінен шаршаса керек, қазіргі кезде Атырау киіктер тұрақты мекендейтін аймаққа жатпайды. Бұрынырақта ауыл маңындағы көлден үйірімен алаңсыз су ішетін бөкендер қазір Батыс Қазақстан өңірін мекендейді. Ал сонда Атыраудан өлекесі табылып жатқан киіктер қайдан келген? Мамандардың айтуынша, киіктер табиғаттың өзі қаталдық танытып, үскірік аязы кетпей қойған қыс мезгілдерінде ғана жан сауғалап Атырауға қарай ойысады екен. Осындай шарасыздық ортасында қалған киіктерді аңдып жүріп, браконьерлер қырып кетіп жатыр...

(Жалғасы 4-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
58

DOLLAR
378.86

EURO
416,78

РУБЛЬ
6,06

МЕРЕЙТОЙ

«**Ғақлия көзбен қарасаң,
Дүние – ғажап, сен – есік.
Жаһлы көзбен қарасаң,
Дүние – қоқыс, сен – меншік»**
деген Әл Фарабидің ұлы сөзі жер бетіндегі тірі пенденің барлығына ойсалары ақиқат. «Әлемнің екінші ұстазы» атанған бабамыздың әрбір өсиеті адамзатты адал болуға шақырады, иманды болуға үндейді. Өзегі өмірмен астасып жататын даналықтың дәнегі «Бейқамдық сәтсіздікке бастайды» дегенге тірелетіндей. Осы сөз қазақ қоғамы үшін өте маңызды екенін байқайсыз ба? Дәл қазіргі уақытта Әл Фарабидің бұл даналығынан асырып ақыл айтатын жан баласы да жоқ.

ғалымның даналықтары мен өсиетіне ерекше мән берді. Айталық, қайырымды қоғам, бакыт, адамның жетілуі туралы мәселелер бүгінге дейін өзекті екені баршаны қызықтырады. Үкіметтің, ЮНЕСКО, ТҮРКСОЙ және ИСЕСКО халықаралық ұйымдарының қолдауымен зиялы қауым Нұр-Сұлтан қаласында, Әл Фарабидің туған жерінде бас қоспақшы. Сонымен қатар Парижде ірі халықаралық конференция, Түркия, Иордания, Италия, Қытай, Мысыр, Болгария секілді елдерде ғылыми іс-шаралар ұйымдастырылады.

Бүгінде әлемдегі айтулы университеттерде Әл Фараби атындағы 12 орталық бар. Ыстамбұл, Дели секілді ірі қалаларда Қазақ ұлттық университеті мұражай-үй ашқан. Алдағы уақытта Конфуций, Гете институттары секілді

қоғам туралы идеяларына негізделген тағы бір жаңа жобаны атап өтіп, барлық бастамалар жастардың рухани-адамгершілік қасиетін қалыптастыруға негіз болатынын айтты.

«1150 жылдықты мерекелеу аясында Түркістан облысында Әл Фараби мұрасын қайта жаңғырту және Отырар қаласын туристік кластер ретінде қайта қалпына келтіруге арналған іс-шаралар жүзеге асатын болады. Дамаск қаласындағы Әл Фараби



Әлеумет.т⁰ САУАТСЫЗ БОЛЫП ҚАЛМАЙЫҚ!

Елімізде білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасы жұмыс істей бастады. 2016-2019 жылдарға арналған бұған дейінгі бағдарламаның орындалуы 92%-ға бағаланды. Мұндай бағалау 12 индикаторға, 71 көрсеткішке негізделген. Іс-шаралар саны бойынша бағдарлама 100% орындалды.

Иә, қағаз жүзінде бәрі орындалды. Бірақ негізгі мақсатқа қол жеткіздік деп айта аламыз ба? Негізгі мақсат деп отырғанымыз мыналар: білім мен ғылымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру, тұрақты экономикалық өсу үшін адами капиталды дамыту.

Адами капиталды дамыту, бірінші кезекте, әсіресе жас ұрпақтың сауаттылығын арттыру деген сөз. Ал қалған индекстер мен көрсеткіштер тек көмекші құрал болып қана табылады.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы жалпы білім беретін мектеп оқушыларының халықаралық салыстырмалы зерттеулердегі нәтижелерін жақсартуды мақсат етті. Сонымен, студенттердің оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасында (PISA) еліміз 40-45 орында тұруы керек еді. Бұл – негізгі көрсеткіш. Өйткені, ол студенттердің математикалық, ғылыми, оқу сауаттылығындағы іргелі дайындығын бағалайды.

Сонында бәрі мемлекеттік бағдарламаны мерзімінен бұрын тоқтатумен аяқталды. Оның орнына 2016-2019 жылдарға арналған жаңа бағдарлама қабылданды. Аталған бағдарламада біз тілге тиек етіп отырған мақсатты индикаторлар алынып тасталды. Соңғы рейтингтің қорытындылары бойынша, біздің нәтижелер айтарлықтай нашарлады. Қазақстан математика бойынша 78 елдің ішінде 54-орында, ал жаратылыстану және оқу сауаттылығы бойынша 69-шы орында тұр.

Оқушылардың ақпараттық және компьютерлік сауаттылығы (ICILS), ересектердің сауаттылығы (PIAAC) бойынша да соңғы орындарда тұрмыз. Шындығына келсек, адами капиталды дамытудың орнына кері процесс жүріп жатыр. Сауаттылық төмендеуде. Ауылдық жерлерде де, өндірісте де жас мамандарды даярлау деңгейінің төмендеуі ең өзекті мәселеге айналды.

Адам капиталының экономиканың тұрақтылығына қосатын үлесі туралы айтудың қажеті шамалы. 2019 жылы Қазақстан жаһандық инновациялар индексінде 2018 жылмен салыстырғанда 5 позициядан айырылып, 79 орынға тұрақтады.

Тарихи тұрғыдан Қазақстанның артықшылығы біліктілігі жоғары еңбек ресурстары, халықтың жалпы сауаттылығы болды. Біз осыны жоғалтып алдық. Осылайша мемлекет дарынды жастардың шетел асуын өздері ынталандырып отыр. Білім беру жүйесіндегі деградация ауқымын көріп отырған ата-аналар балаларын шетелге оқуға жіберіп жатыр. Біз әрбір отбасы үшін манызды құндылықтардың бірі болған білім беру жүйесін құлдырату арқылы болашаққа балта шауып отырмыз.

Орташа жалақы мөлшері бойынша әлемде 74 орында тұрмыз. Сауаттылық жағынан да осындай деңгейдеміз. Білім мен ғылымға жұмсалатын шығындардың үнемі өсуіне қарамастан, біз арзан және біліктілігі төмен жұмыс күші басым елге айналып барамыз. Шындығында, біз үздік отыздыққа кірудің орнына дамушы елдердің қатарынан төмен қарай жылыстап келеміз. Бұл дабыл қағарлық үрліс. Сондықтан фракция білім беруді дамытуға арналған екі бағдарламаның негізгі мақсаттарының орындалмағанын шынайы түрде мойындап, сауаттылықтың төмендеуі мен жалпы білім сапасының нашарлауын тоқтататын дағдарысқа қарсы шараларды әзірлеуді бастау керек деп есептейді.

Айқын ҚОНЫРОВ,
Мәжіліс депутаты



Құрық

Қостанайда жас қыздарды жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеген топ мүшелері жазаланды. Бірнеше бап бойынша айыпталғандарға күні кеше сот үкімі шықты. Бұл туралы Қостанай облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот мамандары хабарлады.

21 Қызды ҚҰТҚАРДЫ



Судья Жасұлан Асылбековтың айтуынша, ұйымдасқан қылмыстық топ 21 қызды 5 жыл бойы өз дегендеріне көндіріп келген. Ол: «Қылмыскерлер арам ойын 2013 жылдан бастап жүзеге асыра бастаған. Материалдық жағдайы төмен қыздарды түрлі жолмен арбауға түсірген. Бастапқыда бойжеткендерді кафеге шақырып, ішімдік ішкізіп, кейін пәтерге апарып, қорқытып-үркітіп, жезөкшелікке мәжбүрлеген», — дейді. Жабық түрде қаралған сот процесі 7 айға созылды. Сот үкімімен қылмыскерлер түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылды.



Фото: есептеме

Күні кеше Алматыда Әл Фараби бабамыздың туғанына 1150 жыл толуына орай өткізілетін іс-шаралардың салтанатты ашылуына орай ұйымдастырылған салтанатты жиында сөз сөйлеген ғұламалар мен зиялы қауым өкілдері де ұлы адамның ұрпағы болғанымызды мақтанышпен айтты. Биыл ЮНЕСКО-ның қолдауымен халықаралық ауқымда аталып өтілетін ғалым мерейтойының ашылуына әлемнің әр шалғайынан келген қонақтардың басын қосуға қара шаңырақ саналатын білім ордасы ұйытқы болды.

Салтанатты жиында Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаев ғұлама

жүйе Әл Фараби орталықтары да шетелдіктерді тамсандыратын болады. Осы төңіректе ой қозғаған Мемлекеттік хатшы: «Жақында «Әл Фараби ізімен» атты ғылыми экспедиция өз жұмысын бастайды. Барлық іс-шара ғылымға және білімнің дамуына лайықты ықпал етеді деп сенеміз», — деді.

Мемлекеттік хатшының айтуынша, Қазақ ұлттық университеті негізінде әлемдік талаптарға сай Әл Фараби ғылыми-технологиялық орталығы құрылады. Ислам ынтымақтастық ұйымы қолдаған жоба озық технологиялар мен инновацияларды дамытуға атсалыспақ. Ол Шығыс ғұламасының қайырымды

мәдени-тарихи орталығы мен музей-үйін жетілдіру мәселесі қолға алынады. Сол орталықтың негізінде университет филиалы құрылады. Мерейтой аясында дана ойшылдың еңбектерін аудару, энциклопедия шығару, ғұлама ғалым туралы деректі фильм және өмірбаяндық сериал түсіру, театрларда Ш.Құсайыновтың «Әл Фараби» тарихи драмасын қою, тағы басқа шаралар қарастырылған», — деген Қ.Көшербаев ұлы ойшылдың идеяларын жаңа заманға сай пайдалану қажеттігіне тоқталды.

**Жоласбек
ДУАНАБАЙ**

АПТАНЫҢ БЕС МЫСҚАЛЫ



57 МИЛЛИОН

теңгені қолды етіп, қаржы пирамидасын құрған қызылордалық азамат тұтқындалды

148

көше атауы Шығыс Қазақстан өңірінде өзгертіледі

320 МЫҢ

гектар жер Қостанай облысында мемлекет меншігіне қайтарылды

200 МИЛЛИОН

теңге алимент төлемеген павлодарлық әкелердің берешегі

1,5 МЫҢ

бала Атырау облысында соңғы үш жылда екпе алмаған

Сөз-Жебе

**Бердібек
САПАРБАЕВ,**
Премьер-Министрдің орынбасары:



«Атаулы әлеуметтік көмек алу кезінде тұрғындардың көбі табысын көрсетпеген. Былтырдың өзінде елімізде 75 мың отбасы табысын жасырған. Одан бөлек, АӘК деп берілген ақшаны басқа мақсаттарға пайдаланған – несиесін төлеген, смартфон, телефон алған. Ал біздің мақсат – ол ақшаның баланың мұқтаждығына ғана жұмсалуды. Барлық қазақстандық заңды сақтауы қажет. Заңды бұзбауы керек. Жұмсалған қаражат бюджетке қайтарылуы керек. Ал төлемейміз десе, сот арқылы төлетеміз».

Аптаның айтары

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ,
білім және ғылым министрі:

«2019 жылы педагогикалық мамандықтарға түсуге шекті балл 60 балға дейін өскен. Ендігі кезекте 2020 жылы шекті мөжені 70 балға дейін көтеру жоспарлануда. Енді жұмыс берушілер дипломға емес, тұлелің біліміне көбірек көңіл бөледі. Жұмысқа орналастыру кезінде жоғары оқу орнының беделі мен имиджі басты рөл атқарады. Студенттер мен ата-аналарды жоғары оқу орнын таңдауда мұқият болуға шақырамыз».



Мазасыз мүйіс

«Әкесі – тышқан, шешесі – құстан». Бала күнімізде осындай жұмбақ жасырып ойнаушы едік. Ол жарқанат екенін кейін білдік. Ертелі-кеш үлкендер «Жарқанат қағып кетпесін», «Жарқанат қақса, жынды боласың» деп қорқытып отыратын. Есейе келе жарқанаттың шынымен тышқанға да, құсқа да ұқсайтын сұсты жәндік екенін білдік. Әңгімені неге құйтай ғана жарқанаттан бастадық? Бүкіл әлемді бір тарының қауызына сыйдырып жіберердей ажал аждаһасына айналған коронавирус осы жарқанаттан таралыпты деседі. Ресми Қытай кеселінің жарқанаттан шыққанын ашық айтпаса да, мамандар әлгі түрі тәжге ұқсайтын вирустың жарқанатта болатынын меңзеп отыр.

«Әкесі – тышқан, шешесі – құстан».

Бала күнімізде осындай жұмбақ жасырып ойнаушы едік. Ол жарқанат екенін кейін білдік. Ертелі-кеш үлкендер «Жарқанат қағып кетпесін», «Жарқанат қақса, жынды боласың» деп қорқытып отыратын. Есейе келе жарқанаттың шынымен тышқанға да, құсқа да ұқсайтын сұсты жәндік екенін білдік. Әңгімені неге құйтай ғана жарқанаттан бастадық? Бүкіл әлемді бір тарының қауызына сыйдырып жіберердей ажал аждаһасына айналған коронавирус осы жарқанаттан таралыпты деседі. Ресми Қытай кеселінің жарқанаттан шыққанын ашық айтпаса да, мамандар әлгі түрі тәжге ұқсайтын вирустың жарқанатта болатынын меңзеп отыр.



QOŪAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



ДАУАСЫ БАР

Абылай САНСЫЗБАЙ,
ветеринария ғылымдарының докторы, профессор:



Коронавирустың тарихы арыдан басталады. Ең алғаш рет 1965 жылы Францияда тіркеліпті. Одан кейін де үздік-үздік әр елде пайда болды. 2012 жылы Біріккен Араб Әмірліктерінде шығып, он шақты елге таралды. Ол кезде тәжвирусының басқа түрі таралған-ды. Бұл дерттің жалпы қырық шақты түрі, бірнеше типі бар. Қай жылы қай типтегі, қандай вирус қоздырғышының таралатынын болжау қиын. Вакцина жасаудың, емдік дәрі-дәрмек шығарудың қиындығы сонда. Жылдан-жылға түрі мен типі өзгеріп, бір түрден екіншісіне, бір типтен баскасына ауысып отырады. Қытайдағы қазіргі коронавирусы да осылай өзгереді.

Жалпы, бұл дерт малдан жұғады. Мысық, тышқаннан, тіпті түйеден де жұғады. 2015 жылдары Оңтүстік Кореяда бұл вирус түйеден пайда болды. 200 адамға жұғып, 33 адам көз жұмды. Өте жұғымтал ауру. Дүниежүзінде көптеген ғалымдар дертке қарсы жұмыс істеп жатыр. Біздің мамандардың білім мен білігі жетеді. Зертхана да бар. Адамдарға жұқпау үшін 3-денгейдегі зертхана қажет. Ондай орталық бар. Жамбыл облысының Қордай ауданындағы Отар стансасында биологиялық қауіпсіздік ғылыми-зерттеу институты жұмыс істейді. Мен сол институтты 8 жылдай басқардым. Сондықтан жақсы білемін. Ондай зертхананың жағдайы бөлек. Құрал-жабдықтары да соңғы технологиямен жасалған. Ондағы ғалымдар бұл ауруға қарсы қандай дәрінің қажеттігін, қандай вакцина жасауға болатынын біледі. Бізде шетелдік талапқа сай вакцина шығаратын зауыт осы күнге дейін жоқ. Бірақ дәрігер-мамандарымыз сакадай сай. Қарап отырған ешкім жоқ. Жұрттың жөн-жосықсыз дүрлікпегені жөн.

2016-2018 жылдары түйеден жұғатын коронавирусты зерттеген болатынымыз. Түйе бұл вируспен өзі ауырмайды. Оған ауру жарқанаттан жұғады. Түйеден адамға, адамнан адамға таралып жатыр. Сондықтан түйенің етін жегенде абай болған жөн. Бұл дерт жылқыда болмайды. Қазіргі коронавирус дене қуаты әлсіз, балалар мен қарт адамдарға тез жұғуда.

Қауіпті вирусқа қарсы дүниежүзінде үш елде ғана препарат бар. Оңтүстік Корея мамандары «Қамдан -2» деген дәрі шығарды. АҚШ пен Ресей және Қытай вакцина жасауда. Бұл дертті тоқтататын тек қана вакцина. Басқасына күш бермейді. Коронавирусының қоздырғышы тұмау қоздырғышына ұқсас. Негізінде, тұмау — ең жаман ауру. Жыл сайын оның да түрі мен типі өзгеріп отырады. Быылғы ем-дом,

дәрі мен вакцина келер жылы шипа болмайды. Сондықтан Дүниежүзі денсаулық сақтау ұйымы жыл сайын қай елде қандай тұмау вирусы таралғанын біліп, зерттеп, штаммын (қоздырғышын) айтып отырады. Мамандар соған қарсы дәрі-дәрмек жасайды. Біз адам және құс тұмауына қарсы вакцина дайындадық. Тіркеттік. Адамдарға егіп, тексеріп көрдік. Нәтижелі болды. Тек сол вакцинаны шығаратын отандық зауыт олқы соғып тұр. Сол ғана қолбайлау. Өкінішке қарай, дәріні шетелден көп ақшаға сатып алуға мәжбүрміз. Өзімізде шығарғанымыз мемлекетке де, халыққа да, қауіпсіздік үшін де өте тиімді.



ОҚУЫМДЫ ЖАЛҒАСТЫРУЫМ КЕРЕК

Ислам ТӘЖІҚҰЛОВ, Қытайда оқитын студент:

Мен Уханға жақын Хунан қаласындағы университетте оқимын. Коронавирус туралы қантардың басында естігенбіз. Ол кезде мен қысқы каникулға байланысты Алматыға келіп алғанмын. Хунанда, содан кейін оған жақын Хуби деген қалаларда достарым тұрады. Бәрі студент. Қазақстанға қайтпаймыз деп, бәрі қалып қойған. Бірақ олардың жатақханадан шығуына тыйым салынбапты. Әдетте бір жакка баратын болсаныз, жатақхана басшылығына айтып, қайда, қанша күнге баратыныңызды айтып, журналға тіркетесіз. Онсыз бей-берекет ешқайда жібермейді. Қазірше менің таныстарымның ішпек-



Дайындаған Жарас КЕМЕЛЖАН

Денсаулық

Еліміздің дәрігерлері қызылша ауруының бөлек алуына алаңдап отыр. Оған бірден-бір себеп - дер кезінде екпе салынбауы. Мысалы, былтыр 16 мыңнан астам адам екпе салдырудан бас тартқан. Бұл бір жасқа дейінгі балалардың ата-анасының 65 пайызы. Есесіне, діни себептерден бас тартатындар саны азайған. Бұрын көрсеткіш 50 пайызды құраса, бүгінгі таңда 30 пайызға төмендеді. Осы секілді деректер, екпенің пайдасы Алматыда өткен жиында сөз болды. Бүгін назарларыңызға әр сала мамандарының пікірін ұсынып отырымыз.



Айзат МОЛДАҒАСЫМОВА, Алматы қаласы бойынша тауарлар мен қызметтердің сапасын бақылау және қауіпсіздік департаментінің басшысы:

Ата-аналардың екпеден бас тартуына басты себеп — әлеуметтік желілердегі теріс ақпарат. Осындай себеппен бас тартатындар қала бойынша 15 пайыз. Қазіргі таңда екпе туралы толық ақпаратпен қамту, түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Соған қарамастан, былтыр Алматы қаласында перзентханалар мен емханаларда егуден 1557 бас тартты. Өкініштісі, ата-аналардың көбісі екпе туралы хабары аз.

Руслан ҚАЙЫРГЕЛДІ, Алматы қаласы орталық мешітінің имамы:

Ислам діні ешуақытта медицинаға, ғылымға қарсы болған емес. Алайда діни көзқарасына байланысты екпеден бас тартатын отбасылар бар. Олар жат ағымның жетегінде кеткендер. Егер екпеден діні жолын ұстанған адамдар бас тартып жатса, ислам дініндегі барлық адамдар қарсы деген сөз емес. Барлығы әр адамның өзіне байланысты. Мұсылмандардың барлығы екпеге қарсы деген қате пікір. Екпені де түрлі вирустардан сақтану үшін, адамның иммунды әлеуетін көтеру мақсатында егеді. Ендеше, вакцина салу асыл дініміз Исламға қайшы емес.



Светлана ПОСТНОВА, балалар дәрігері:

Нәресте дүниеге келгенде 1-4 күн аралығында туберкулез (БЦЖ) бен В гепатитінен екпе жасайды. Бала екі айға толғанда гепатит, полиомиелит, көк жөтел, дифтерия және сіреспеден (АКДС) және де b типтес гемофильді инфекциядан, сонымен қатар пневмококк инфекциясынан қорғайтын кешендік екпе жасалады. Әрі қарай нәрестенің өсу кезеңіне қарай кешенді екпе салынады. Өкінішке қарай, баласына екпе салдыруға қарсы отбасылар бар. Ондай ата-аналар баласының болашағын ойлауы керек. Екпе алмаған бала түрлі жұқпалы ауруларды жұқтыруға бейім келеді. Көп ата-аналар екпе жайлы жағымсыз ақпаратты алға тартады. Бірақ басым бөлігі емханадан толық ақпарат алғаннан кейін ойын өзгертеді. Ең бастысы — баланың денсаулығына салғырт қарамаған жөн.

Дайындаған Макпал НОҒАЙБАЕВА

ЕЛДІ ЕЛЕНДІТКЕН ЕКПЕ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

NARYQ

www.jasqazaq.kz

Мәселе

**Еліміз бойынша
былтыр тірі малды
экспорттау
көрсеткіші 2018**

**жылмен салыстырғанда 3 есеге
артқан. Ұсақ малды саудалау 7
есеге өскен. Егер осы көрсеткіш
жалғаса беретін болса, келешекте
мал басының құлдырайтыны анық.
Бұл түйткілдің алдын алу үшін
ауыл шаруашылығы министрлігі
жақында ірі қара малды сыртқа
сатуға тыйым салды. Алайда мал
өсіруге маманданған кәсіпкерлер,
басқа да ұйым өкілдері мен зиялы
қауым да министрліктің шешімімен
келіспей отыр. Осы орайда біз
«Ұлттық аграрлық ғылыми білім
беру орталығы» акционерлік
қоғамының басқарма төрағасы
Төлеутай Рақымбековтен мәселенің
мән-жайын сұраған едік.**

есептемегенде, тек былтыр 45 мың ірі қараны көршімізге су тегін саудалағанбыз. Осыны 225 мың тенгеге көбейтіп көрініші? Ең өкініштісі, шығынданып алған асыл тұқымды малды шекара асырып жатырмыз. Оның арасында жылқы, түйе, қой да бар. Үшіншіден, басында аналық басты сатуға тыйым салынып, тек бұқаға ғана рұқсат етілді. Мен бұған әу баста қарсы болдым. Өйткені, шекарадағы кеденшілер



ҚЫМБАТҚА АЛЫП, АРЗАНҒА САТЫП...



Елімізде ірі қара малды тірідей сатуға тыйым салынды. Бұған қатысты құжат ресми түрде тезірек бекітілгені жөн. Жалпы, өз басым ауыл шаруашылығы министрлігінің бастамасын қос қолымды көтеріп тұрып қолдаймын. Не үшін қолдап отырмын? Енді соны айтайын. Сенаттың және Мәжілістің кейбір депутаттарымен, басқа да лауазымды қызметтегі азаматтармен сөйлескенде, олардың аузынан: «бұл дұрыс емес, кәсіпкерлікке шектеу қояды, бизнесті тежейді» деген секілді пікір естідім. Осыған байланысты өз жауабымды айтайын.

Біріншіден, 2013-2016 жылдары «Агробизнес — 2020», одан кейін 2018 жылы мал шаруашылығы мен ет өндірісіне қатысты бағдарламалар әзірленді. Оған бюджеттен қыруар қаражат бөлінді. Бұл бастаманы қолға алғандар, елімізде мал жетіспейді, сондықтан шетелден мал әкелу керек деді. Сол үшін бюджеттен қомақты несие мен субсидия бөлілді. Осы мақсатта жұмсалған ақшада шек жоқ. Енді келіп «малды экспортқа шығару керек» деген мәселе көтерді. Сонда бір-екі жылда мал саны қалайша көбейіп кетті?

Екіншіден, шетелден сатып әкелінген әр құнажынға 650-670 мың теңгеден қаржы бөлініп, әр басына бюджеттен

мен ветеринарлар арасындағы жемқорлықты бәріміз жақсы білеміз. Сияр мен бұқаның орнын алмастыра салу түкке тұрмайды. Мәселені қатаң қадағалап жатқандар шамалы.

Төртіншіден, тірі малды сыртқа сатуға тыйым салу ауылдағы ағайынға ауыр соғады деген сөз тек күлкі шақырады. Өйткені, ауылдағы фермерлер малының рахатын көріп отырған жоқ. Олар арзанға болса да сауда жасағанына риза. Осы екі ортада майшелпекке малынып отырғандар — арадағы делдал. Экспортқа тыйым салудан тек солар ғана «зардап» шегеді. Олар фермердің емес, өз қара бастарының қамын ойлап отыр.

Бесіншіден, тарихтан мысал келтірейін. 1994-1995 жылдары Жезқазған облысында совхоздарды жеделдетіп жекешелендіру үшін пилоттық жоба қолға алынды. Аймақтағы шаруашылықтарда негізінен қой өсірілетін. Сол кезде әр шаруашылықта 50-60 мың қой болды.

Осылайша тұрғындарды жаппай фермер болуға мәжбүрледік. 200-300 жұмысшының әрқайсысына 200-300 қойдан таратып бердік. Алайда олардың барлығы бірдей фермер бола алмайтынын ешкім ойламады. Шаруаны дөңгелетіп өкету үшін адамның бойында бір қасиет, ата кәсіпке жақындық керек қой. Ондай іскерлер тұрғындар арасында 3-4 пайыз ғана болуы мүмкін. Өкінішке қарай, «бәрің байып шыға келесін» деген үкілі үміт ақталмады. Жұмыс жоқ, жалақы жоқ. Соның салдарынан қолдағы қой ұн, күріш, макаронға айырбасталды. Кейбір пысық азаматтар қойын сатып, Жезқазған мен Сәтбаев және басқа да қалалардан пәтер, көлік алды. Ақырында, ауылдарда фермер болуға бел бұған 5-7 адам ғана қалды.

Қой негізінен қазіргі Түркістан облысына саудаланды. Солтүстікке қарбыз-қауын, жеміс-жидек жеткізгендер ағайын ақша орнына қой, сияр, жылқы алып кетті. Осылайша, Жезқазған өңірі мыңғырған малдан айырылды. Жазық даланы жабайы шөп басты. Арада бір-екі жыл өткенде Жезқазған мен Сәтбаев қаласындағы базарларды

онтүстіктен жеткізілген ет басып қалды. Осының бәрін көзбен көрдік. Дәл осындай көрініс бүкіл елімізге тән құбылыс болып шықты. Егер ауыл шаруашылығы министрлігі экспортқа тыйым салмаса, тағы бір осындай қиындыққа тап боларымыз анық. Яғни өзбектер жеткізген сияр мен қой етін, жылқының қазы-қартасын жеп отыруымыз әбден мүмкін. Ондай жағдайда еттің келісін 2400-2 600 теңгеден емес, 8-10 мың теңгеден алуымыз әбден мүмкін. Осы дұрыс па?

2014 жылы экспортқа 4-5 мың тірі мал кеткен. 2018 жылы бұл көрсеткіш 45 мыңдай болды. Былтыр 156 мың бас сатылды. Бұл тек ірі-қараға қатысты

мәлімет. Жалпы саудаға шығарылған мал саны 230 мыңнан асты. Арзан малға кім қызықпайды? Қазақстаннан жеткізілген арзан малды ел игілігіне айналдыру үшін ала тақиялы ағайын мал шаруашылығын дамыту бағдарламасын қабылдап, фермерлікті жан-жақты қолға алып жатыр.

Экспортқа тыйым салу кәсіпкерлікке тежеу бола алмайды. Фермерлердің 80-90 пайызында әрі кетсе, 100 сияр, 50-60 қой бар. Көз алдыңызға елестетіп көрініші. Жезқазған не Семей маңынан алдына 5-6 малын салып алып, Өзбекстанға сауда жасауға баратын кімді көрдіңіз? Жоғарыда айтқанымдай, бәрінің қызығын делдал

көруде. Егер мал сатудан ақша 100 пайыз фермердің қолына тисе, мен қуанар едім. Шын мәнінде, олай емес. Экспортқа қарсы шығушылар ортадағы делдал, ортадан табыс көріп отырғандар. Олар ауыл-ауылдан арзанға мал алып, еселеп сатуды әдетке айналдырған.

Ал біз малды сатпайық. Өз ішімізде неге ет өндірісін дамытпаймыз деген де сұрақ туындауы мүмкін. Бізде ет өндірісі бар. Бірақ қалыптасқан жүйе жоқ. Менің шырылдап жүргенім де осы. Ауыл шаруашылығына күрделі реформа керек. Мысалы, елімізде ауыл шаруашылығы қызмет көрсету саласының 30-35 пайызын құрауы тиіс. Бұл көрсеткішті қазір атап өтуге адам ұялады. Көрсетілген деңгейге жеті үшін қызметті 150 есеге арттыруымыз тиіс. Фермерлермен кездескенде де бірінші кезекте сөз болатын осы мәселе. Өндірген өнімін сата

ДЕРЕК пен ДӘЙЕК

**Өзбекстан халықаралық
қайта құру және даму банкі
(ХҚДБ) және Халықаралық даму
қауымдастығының қатысуымен (ХДҚ)
«Өзбекстан Республикасында мал
шаруашылығы секторын дамыту» жобасын
жүзеге асыру бағдарламасын бекітті.
Аталған бағдарлама шеңберінде Өзбекстан
ХҚДБ және ХДҚ-дан 2024 жылға дейін
5 жылдық жеңілдік кезеңмен ұзақ
мерзімді қаржыландыру алды және
қосымша өз қаражатын салады.**

**Бағдарламаның жалпы құны
227,8 млн АҚШ долларын
құрайды.**

алмайды.
Қолда
барын өте
арзан бағамен

алып кетеді. Бұл барып тұрған әділетсіздік. Мысалы, делдал қызанақты онтүстіктен келісін 50 теңгеден алып, Елорлада 500 теңгеден сатады. Ет те сондай. Осы дұрыс па? Арадағы артық ақша өзгелердің қалтасына түседі. Сондықтан, ең алдымен, бізге инфрақұрылым керек. Фермерден өнімді ренжімейтіндей бағамен сатып алып, оны бастапқы өңдеуден өтізетін, орайтын, сауданы ұйымдастыратын жүйе керек. Малшының үйіне дейін барып қызмет көрсететін жүйе қалыптасқанда ғана іс алға басады. Жанар-жағармай қажет болса техника әкеп беретін, басқа да қызмет көрсетумен айналысушылар болуы тиіс. Біз фермерді тек өндіріш ретінде білуіміз керек. Ол өзінің жұмысын тиянақты атқарып, қолындағы малынан табыс көруі қажет. Несие мен субсидия да тікелей алынуы тиіс. Қажет болса жаңа технология, зандағы өзгерістер секілді маңызды ақпаратты үйіне барып түсіндірейік. Айналып келгенде, осының барлығы ел игілігі үшін жасалуы керек. Өткен ғасырда «Селхозтехника», «Ветеринария орталықтары» болды. Алғашқысы жаңа техника жеткізіп беретін. Ескісін жөндейтін. Ветеринарлар малды уақытылы қадағалап, емін жасап отыратын. Осындай тиімді жолды қайта оралған жөн. Алайда оны фермерлердің өзі кооператив құру арқылы жасауы тиіс, ал мемлекет тек көмектессін.

Біз үшін мал шаруашылығы жат сала емес. Ежелден ата кәсібіміз. Сондықтан бұл саланы жедел дамыту, табысқа кенелу үшін мүмкіндік өте көп. Бүгін сөз еткендей, тірі мал экспортына тыйым салу ел ішінде төрт түлікті сақтап, оны көбейтуге бірден-бір себепші болады. Ет бағасыда осыған сай тұрақталады. Ең бастысы, әр фермер ортадағы алыпсатарға жем болмайды.

**Әңгімені жазып алған
Жолдасбек ДУАНАБАЙ**

Анығы мен қанығы

(Басы
1-бетте)

«АСЫЛ ТҰҚЫМ» ДЕГЕНІ...

Былтырдан бері Чехиядан ірі қара мал әкелуге шектеу қойылып отыр. Әдетте кәсіпкерлер шетелден ірі қара әкелерде қай елден, қандай тұқымды мал әкелінетінін ветеринариялық бақылау және қалағалау комитеті арқылы шешеді.

Солардың рұқсатын алады. Осы туралы білмек болып



ветеринарлық бақылау және қалағалау комитетінің баспасөз орталығына хабарластық. Орталықтың жетекшісі Ғалия Тұржанованың айтуынша, комитет Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы «Агро-Комплекс-Сулышок» ЖШС басшыларына малды жеткізілген мекеніне түгел қайтару жөнінде нұсқау берген. Ғ.Тұржанова: «Кәсіпкер малды өз ақшасына алды ма, жоқ мемлекет қаржысына әкелді ме, ол жағын білмейміз. Бұл сұрақ құзыретімізге кірмейді. Біздің қызметке «қандай елдерден мал әкелуге болады, қай елдерден ірі қара әкелуге тыйым салынған?» деген сұрақтар ғана кіреді. Сондықтан асыл тұқымды сияр әкелуге қанша ақша кеткенін білмейміз», — деп, мән-жайды толық түсіндірді.

Табиғат

(Басы
1-бетте)

КИИК – КӨЗДІҢ ҚҰРТЫ



Өткен жылы еліміздегі киік саны 334 мың бастан асқан. Бұл мәліметті ауыл шаруашылығы министрлігі сүйінші сұрап жеткізген еді. Бірақ мамандар бұл көрсеткіштің аз екенін айтып дабыл қағуда. Себептің бірі — адамдардың ашкөздігі. Екіншісі, киіктер қырғынның белгісіз себептермен қайталануы. Қалай қарасак та, екі оттың ортасында қалған киік атаулы жойылып кету қаупінен бәрібір қашып құтыла алмайды. Өркениеттің ортасында отырған адамның өзі әзірге бұл сұраққа жауап таба алмай отыр...

Осындай шарасыздыққа жетуімізге бірден-бір себеп болған «қара базарда» киік мүйізіне берілетін баға қызып тұр. Бейресми деректерде Қазақстанның өз ішінде мүйіздің бір келісі 100-150 мың теңге аралығында болса, мүйіз негізінен заңсыз тасымалданып жатқан Қытайда бұл баға 1800 доллардан 3000 долларға дейін жетіп жығылатыны айтылады. Оған себеп — әлемге танылған тибет медицинасының емдік шараларға негізінен киіктің мүйізін пайдалануы. Тіпті бір деректерде жылына сегіз тонна киік мүйізінің түрлі дәрілік қоспаларға қолданылатыны айтылады.

Киік — қазақ даласының көркі. Баға жетпес байлығы. Ең бастысы, қасиетті аңдардың қатарында. Бірақ біз ештеңеден қорықпайтын болып барамыз.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА

Инфографика

Президент шетелдік жұмыс күшін тартуға квотаны қысқартуды тапсырды



Геосаясат

Көп жылдық тарихы бар қазақтың өмір салтында жусан шөбі «Туған жер», «Отан» ұғымымен егіз болып кеткен. Жусанның иісі мұрныңа келгенде еріксіз туған ауыл-аймағың мен өскен ортаң еске түсіп, қуанышты көңіл күйге бөленесің.

Мен бұл мысалды айтып отырғаным, жесірін қаңғыртпай, жетімін жылатпай бауырына басқан ата-бабамыздың ұрпақтары да осы бір дәстүрді жалғастырып, Қазақстан үкіметі сұрапыл соғыс жүріп жатқан Сирия және Ирақ жерінен жерлестерімізді өлге қайтаруға бағытталған «Жусан» операциясын ұйымдастырды. Яғни отандастарымыз аман-есен елге оралып, туған-туыстарымен тезірек қауышсын деген ырыммен осындай атау беріп, бүкіл әлемге Қазақстан өз азаматтарын қорғауға дайын екенін көрсетті.

Казакстан тарапы ұйымдастырған операция — ең алдымен кішкентай бүлдіршіндерді туған еліне қайтарып, қоғамдық өмірге бейімдеуге бағытталған гуманитарлық көмек. Мемлекетіміздің басты құндылығы — адам өмірі болғандықтан, жат ағымның жетегімен Сирия мен Ирак жеріне соғысуға барған ата-аналарына ілесіп кеткен, әлі сана-сезімі уланбаған балаларды құтқару басты мақсатқа айналды.

Сирияға барған әйелдер мен балалардың бастан кешкен оқиғасы қым-қиғаш. Басым бөлігі күйеуінің немесе өзге де теріс ниетті кісілердің алдап-арбауымен Түркия арқылы соғыс жүріп жатқан аймақтарға еріксіз барған жандар. Бастапқы кездері жағдайы жақсы болған десседі. Алайда біраз уақыт өткен соң қан

көмектесуді мемлекет басшысынан сұрап, жан-айқайын жеткізген-ді. Сонымен қатар Қырғызстандағы белсенді топтар өз қаражатына отандастарын қайтару жөнінде бастама көтеріп, сол елдің



ТУҒАН ТОПЫРАҚТЫҢ ЖУСАНЫ

майданның қазанына түсіп, біреулері окқа ұшты, енді біреулері тұтқынға түскен. Аман қалғандардың өмірі, тіпті азапқа толы еді. Өз еркімен үйге қайтқысы келгендерді түрмеге отырғызады, не өлтіреді. Азық-түлік, дәрі-дәрмек тапшы. Жарамды деген шөп пен өсімдікті талғажау етіп жан сақтаған. Аштық пен ауру көп адамның өмірін жалмады. Күйеуі соғыста өлген талай жесір әйелді басқа содырларға мәжбүрлі түрде тұрмысқа берген оқиғалар аз емес.

2019 жылдың қаңтар және маусым айлары аралығында Казакстан тарапы 4 кезеңге созылған «Жусан» операциясының шеңберінде әртүрлі себептермен ланкестік ұйымдар ұрыс қимылдарын жүргізіп жатқан аймақтардағы еліміздің азаматтарын Сирия жерінен Отанымызға қайтару жұмыстарын сәтті жүргізді. Бұл операция Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы — Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен қолға алынып, жүзеге асырылған болатын.

Аталған мақсатта, казакстандық әйелдер мен балаларды іздеу және олардың аты-жөндерін сәйкестендіру үшін құзырлы мекеме қызметкерлері Сирия және Иракта орналасқан лагерьлер мен түрмелерді аралады. Сириядағы сұрапыл соғыстың еріксіз құрбаны болған кішкентай балаларды құтқару және олардың қалыпты өмір сүруіне жағдай жасап, елге қайтару гуманитарлық көмек ретінде жүргізілді.

ҰҚК терроризмге қарсы орталығы өкілдерінің мәліметінше, жалпы операция барысында Сириядан 595 адам елге әкелінді. Оның ішінде 406 бала (*оның 31 — жетім балалар*) бар. Казакстанға қайтарылғандардың ішінде 24 адам Казакстан заңдарына сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылып, 3 жылдан 9 жылға дейін бас бостандықтарынан айырылды. Елге оралған әйелдер мен балалар Каспий теңізінің жағалауындағы Ақтау қаласында орналасқан оналту және бейімдеу орталығына 1 ай мерзімге орналастырылды.

«Жусан» операциясының бірінші кезеңінде Сирия және Ирак аумағындағы лагерь мен түрмелердегі Казакстан азаматтарының саны туралы мәлімет жиналды. Сонымен қатар оларды сәйкестендіру жұмыстары жүргізілді. Бұған қоса, әлі күнге дейін Ирак түрмелерінде жатқан әйелдер мен балалар бар. Қазіргі уақытта оларды да елге қайтару мәселесі қарастырылуда. Ресми тұлғалардың айтуынша, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Франция, Бельгия және Косово өкілдері Қазақстан үкіметі жүргізген жұмыс бойынша мәлімет алып, тәжірибе алмасуға қызығушылық танытуда.

Көрші қырғыз елінде былтыр көптеген ата-аналар белгісіз себептермен Сирия және Ирак жеріне кеткен жазықсыз әйелдер мен балаларды елге қайтаруға

президенті мен премьер-министріне ұсыныс білдірді. Қырғыз тарапы 400 адамға арналған оналту орталығын дайындап, елге қайтып оралғандармен жұмыс жүргізетін психолог, дәрігер, педагог және дін мамандарын тауып қойғандарын да мәлімдеген. Алайда ел үкіметі әзірге ланкестік аймақтарда жүріп жатқан сұрапыл соғыстың жазықсыз құрбаны болған азаматтарын елге қайтаруға әлі кіріскен жоқ.

Өзбекстандағы «Мaп'o» зерттеу орталығының директоры Бахтиер Эргашев «Новая газета» басылымына берген сұхбатында, елге қайтарылған азаматтармен жұмыс істеу барысында Қырғызстан біраз қиындықтарға тап болуы мүмкін екенін атап өтті. Себебі Қазақстан және Өзбекстанмен салыстырғанда, бұл елде қайтып келгендермен жүйелі жұмыс жүргізетін мүмкіндік пен қаражат шектеулі. Сонымен қатар елдегі діни ахуал да аталған бағыттағы жұмыстарды онтайлы шешуге кері әсерін тигізеді. Атап айтқанда, Қырғызстанда 3000-ға жуық діни ұйым тіркелген. Бұған



қоса, Қырғызстан Мұсылмандар діни басқармасында бірқатар елдерде тыйым салынған «Таблиғи жамағат» ұйымына оң қабақ танытып отырғандар да бар.

Сирияның солтүстік-шығысында орналасқан бірқатар лагерьлерде (*Әл Хол, Әниса, Мухаио-Роуж және т.б.*) әлемнің түрлі елдерінен келген жалпы саны 75 мың әйел мен бала бар. Лагерьлердегі жағдай өте нашар: азық-түлік, таза ауыз су және шаруашылыққа қажетті су тапшы. Жарық, қажетті медициналық көмек пен дәрі-дәрмек жетіспейді. Жаз мезгілінде ауа температурасы 72 градусқа дейін көтеріліп, күн қатты ысыған уақытта жұқпалы аурулардың таралу қаупі күшейеді. Көктем және күзде Сирияда жанбыр маусымы басталып, шатырдың ішін су алып кетеді. Этникалық және тілдік құрамы әртүрлі топтағы азаматтардың өзара түсініспеушілігі салдарынан лагерьдегі жағдай ұшығып, нәтижесінде тұрғындар арасында шиеленіс туындап жатады. Тіпті қару қолданған жағдай да болып

жасаған жағдайда Қазақстан заңнамасы шеңберінде жазаға тартылатыны туралы ескертілді.

Ақтау қаласындағы елге оралғандарды оналту орталығы тәжірибе алаңы болды. Оның базасында медициналық көмек (*әртүрлі кеселді тексеру және емдеу*) көрсетілді. Әрбір мекеме өзінің өкілеттілігіне сай жұмыс атқарды.

Құқық қорғау мекемелері елге қайтарылғандардың ланкестік аймақтардағы іс-әрекетіне құқықтық-нормативтік заң тұрғысынан баға берді. Денсаулық сақтау орындары карантин жүргізумен айналысты. Жұқпалы ауруларға қарсы екпе жасалып, емдеу қолға алынды. Карантиндік іс-шаралар жүргізу, азық-түлік жетіспеуінен ауруға шалдыққан бүлдіршіндердің мәселелерін шешу бірінші кезекте тұрды. Сириядан оралғандарды тұрғылықты мекенжайына жібергеннен кейін олармен жұмысты жергілікті жерлердегі оналту орталықтары жүргізуде. Сонымен қатар психолог мамандар да жұмысқа тартылып, елге оралған азаматтарға психологиялық көмек көрсетуде.

Өз еркінен тыс ланкестік аймақтарға кеткен отандастарды елге қайтару бойынша Қазақстан Орталық Азиядағы елдер арасында алғашқы болып жұмыс жүргізіп, мол тәжірибе жинады. Қазақстан Республикасының қактығыс аймақтарындағы азаматтарының санын азайту бойынша атқарған жұмысын Сирия

шиеленісін халықаралық дәрежеде шешуге қосқан зор үлес ретінде қарастыруға болады.

2019 жылдың қыркүйек айында Варшава қаласында өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (*ЕКЫУ*) демократиялық институттар және адам құқықтары бойынша бюросының жыл сайынғы конференциясында сөз сөйлеген «Кылым Шамы» құқық қорғау орталығының басшысы Әзиза Әбдірасұлова Қазақстан тәжірибесін тілге тиек етіп, атқарылып жатқан жұмысқа жоғары баға берді. Ол басқа да халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен тәжірибе бөлісуге және аталған бағыттағы жұмысты жалғастыра беруге шақырды. Сонымен қатар ЕКЫҰ мен Қырғызстанды елімізден үлгі алып, әйелдер мен балаларды елге қайтару ісін тезірек қолға алу керектігі айтылды.

Ернұр КЕНЖЕБАЙ,
шолушы

COMMENT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Digest

Гонконгтағы қоғамдық денсаулық сақтау сарапшылары «Қытайда тағы да мыңдаған жаңа коронавирусты тасымалдаушылар болуы мүмкін» деп дабыл қағып, жұқпалы кеселдің алдын алу үшін саяхат жасауға қатаң тыйым салу қажеттігін мәлімдеді.

Қытай денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық комиссиясы таратқан мәліметке сәйкес, 31 провинцияда (*автономиялық аудан, орталыққа бағынатын қалалар*) жалпы саны 5974 адам ауруды жұқтырған, 132 адам көз жұмды (*Соңғы дерек бойынша, 8 мың — 170-ред.*) 103 адам емделіп шыққандар саны, 9239 адам жұқтыруы мүмкін деген күдікпен есепте тұр. Сонымен қатар, Германия, Франция, Оңтүстік Корея, Жапония, Непал, Таиланд, Австралия, АҚШ, Сингапур және Вьетнам елдерінде ауруды жұқтыру фактілері анықталған.

Мәліметтерге сәйкес, Қытай билігі вирустың таралуына жол бермеу үшін 56 миллион адамға Хубэй провинциясы аумағынан шықпау жөнінде нұсқау берген. Сонымен қатар 20 қала жабылған.

Саяхаттауға шектеу қоюмен қатар Қытай билігі Ухан қаласында екі аурухана салып жатыр. Құрылысты ақпан айында аяқтауды жоспарлап отыр. Сейсенбі күні денсаулық сақтау бойынша ұлттық комиссия 10000 орынды ауру жұқтырғандар үшін дайындап қойылғанын хабарлады.

Дүйсенбі күні өткен брифингте Гонконг университетінің екі сарапшысы жиналған мәліметтерге сүйене отырып, 30 миллион тұрғыны бар Чунцин қаласы коронавирустың келесі ошағына айналуы мүмкін екенін алға тартты. Олар инфекция ары қарай негізгі көлік торабы болып табылатын және Ухан қаласымен тікелей байланыстары бар

ЖАҢАҢДЫ АЛАҢДАТҚАН ІНДЕТ



Бейжің, Шанхай, Шенжэң, Гуанжоу секілді ірі қалаларға да таралуы мүмкін екендігін ескертті.

Вирустың таралу үрдісін бақылау жалғасуына байланысты Гонконг университеті сарапшыларының қорытындысы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына (*ДДСҰ*) таныстырылды.

Сейсенбі күні Бейжіңде Қытайдың сыртқы істер министрімен кездескен ДДСҰ басшысы Тедрос Адханом Гебреес желтоқсан айының соңында пайда болған вируспен күресте сабырлылық сақтауға шақырды. Ол кеселді бақылауда ұстап, оны ауыздықтауға Қытайдың шамасы жететініне сенім білдірді.

Сингапур ұлттық университетінің инфекциялық аурулар бойынша жетекші маманы Линфа Ван алдағы екі апта Қытайдың вируспен күресуде қолға алған іс-шарасының қаншалықты тиімді болатынын анықтауда өте маңызды екенін айтты.

Линфа Ван инфекцияның инкубациялық кезеңі екі аптаға дейін созылуы мүмкін екендігін және бұл Қытайдың жаңа жылды тойлап болатын уақытымен түспа-түс келіп, өздерінің туған қалаларына немесе шетелге қайтатын қытайлықтардың жаппай қозғалысына алып келетіндігін жеткізді.

Ван: «Біз басқа мемлекеттерде орын алып жатқан жағдайларға көңіл бөлуіміз керек. Мен үшін жақсы көрсеткіш шетелдегі көрсеткіш», — делі. Сонымен қатар, вирус белгілерінің ерте кезеңде анықталуы, ол туралы хабардар болу және өзге мемлекеттердің ұстанымы шетелде аурудың таралуын бақылауда ұстауға көмектесетіндігін жеткізді.

Денсаулық сақтау ұлттық комиссиясының директоры Ма Сияоуэй қазіргі кезде ауруға тосқауыл қоюда мемлекет үшін шешуші уақыт екенін, сондай-ақ әр түрлі елді мекендерде қолға алынған қатаң іс-шаралардың арқасында вирустың таралуын аз шығынмен және жоғары қарқынмен ауыздықтай алатынын атап өтті.



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

TIRSHILIK

www.jasqazaq.kz

Аймақ

Қаңтардың соңында қарлы

бұрқасын теріскейдегі қатынасты қиындата түсті. Қыстың қатал сыншы екендігі рас. Аз күннің ішінде қаншалықты қауқарымыз бар екендігін таразы басына тартып, бірлік пен тірлікті безбендеп-ақ берді.

Міне, осы уақытта аудан әкімдері дәстүрлі халықпен кездесулерін өткізбек. Бірақ, өкінішке қарай, ақ боранның астында қалып, ашынған халыққа жете алар емес. Жаздың жалпағында бітпеген шаруа атан

ұйғарған аудан басшылары талаптанып та көрген екен. 2003 жылы Зеренді ауданының бұрынғы әкімі Ербол Сағдиев Қызылегіс округінің тұрғындары алдындағы есеп беру кездесуінде жол бойына қар токтату үшін ағаш көшетін отырғызу мәселесін көтерген. Кейін, бұл жұмыс округтің бұрынғы әкімі Теміртас Ахметбековке жүктеліпті. Белгісіз себептермен жол бойына ағаш көшетін отырғызу жұмысы 2006 жылға дейін алға баспаған көрінеді. Ауыл тұрғыны Қонай Демесінов бұл жұмысқа өзі араласып, сокалы техникасымен көшет отырғызатын жерді жыртқан екен.

Қонай Демесінов: «Кейін мұнда жеміс ағашының көшеті отырғызылып, қар тоқтатуға жарамайтыны ескерілмеді.

болатын. Оған әкелі-балалы әкім мойын бұрмай отыр. 1998 жылы қазылған үшінші құдық жарамсыз болып қалды. Оны қайтадан қазуға 500 мың теңге бөлінген. Бұл сома жобаны жүзеге асыруға жетпеген соң кері қайтарылған екен. Осынын салдарынан Дүйсен Ақытхан мен Қонай Демесінов сияқты малды көп ұстайтын жұрт жапа шегуде», — деді.

Елді мекендегі жұрттың су, жарық пен жолдың зардабын тартып отырғаны жөнінде осы ауыл тұрғындары Хабаркелді Сақымжанов пен Бақыт Бексейітова да айтып берді. Ал Мүбәрәк Уахитов есімді тағы бір тұрғын: «Көшеге жарық тарту үшін аудандық бюджеттен бірнеше мәрте қаржы бөлінді. Бірақ бұрынғы бағана мен электр желісі болса да жарық орнату жұмысы толық жүзеге аспады. Теміртас Ахметбеков тек қана өзі тұратын көшеге жарық орнатты.

АРҚАНЫҢ АУУЫЛЫНАН АЖАР ҚАШҚАН



Өзге көшелердің бойында жарық болмағандықтан, түнде жабайы аң ауылға емін-еркін кіреді», — деп мән-жайды екінші қырынан сабақтады.

Ауыл тұрғындарының мәселесімен аудан әкімі Бауыржан Ғайсаның қабылдауында болдық. Аудан басшысы өз сөзінде бұл мәселеге қатысты бөлім басшыларын алып, аталмыш нысанда болатынын, Қызылегіс ауылынын

тұрғындарымен кездесетінін айтты. Халықтың пікірі бойынша оң шешім шығарылатынын, бюджеттен округке қаржы бөлінетінін жеткізді.

Қаңтардың соңында қыс күшіне енді. Ақырған аяз болмағанымен, қар қалын, қауіп те аз емес. Елді мекендердің арасында қарға адым жер мұң болып, қатынау қиындады. Жолда қалғаны бар, үсік шалғаны бар, әйтеуір бейқамдыққа бой алдырған өкпек жолаушылардың іс-әрекеті тиісті орындары алаңдатуда. Бейсауат жолаушыны жолға шығармау мақсатында Ақмола облысы аумағындағы автокөлік жолына 125 жедел қимылдайтын блок-бекет қойылды. Күре жолды басып қалған қасат қаржы тазалау үшін 80 техника мен жергілікті полиция қызметінің 160 адамы, департаменттің 30 техникасы мен 50 адамы жұмылдырылған. Жолда қалған техникаларды қасат қардан аршып алып, топтастырып, барар жеріне жеткізіп салу ұйымдастырылуда. Әйтсе де, дәл мұндай уақытта өзіне де, өзге де бесбатпан бейнет аркалатып, тәуекелге бел буып, жолға шықпаған абзал. Ақмола облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Манарбек Шапағатов: «Соны бір жұманын ішінде облыстың автокөлік жолындағы қозғалысқа 29 мәрте шектеу қойылды. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, 298 жолаушы құтқарылды», — деп түсіндірді. Жергілікті полиция қызметі баскармасының басшысы Серік Баймұқановтың айтуына қарағанда, жылыту бекеттеріне 478 адам жеткізілген. Олардың 23-і бала. Мұндай оқиға Ерейментау, Бурабай, Атбасар, Целиноград, Ақкөл және Қорғалжын аудандарында көбірек кездесуде. Әлі де күре жолдың барлығы тегіс тазаланып болған жоқ. Дәл қазір блок-бекеттерде 600-ден астам автокөлік жолға шыға алмай қантарылып тұр. Олардың көпшілігі алысқа жүк тасымалдайтын ауыр көлік.

Биылғы қыста қар жылдағыдан қалын түсті. Ауа райын болжайтын бюроның мәліметіне қарағанда, соңғы тәуліктерде әдеттегіден үш есе көп қар жауған. Қазір облыс автокөлік жолын 141 қуатты техника қардан тазалауда. Абырой болғанда, осындай жұмылған жаңдырықтай болып, қауіпсіздік үшін өз басын қатерге тігіп, жұмыс істеудің арқасында адам шығыны болған жоқ.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы



Сұхбат

Jas qazaq: Үкімет тарапынан ел-жұрт тығыз қоныстанған оңтүстік өңірлерден халықты солтүстік өңірлерге қоныстандыру

басталды емес пе?

Ж.Ерғалиев: Мұндай да бар! Алайда мынаны айтумен келемін, Сенатор болып жүрген кезімде талай лауазым иелеріне, жерінде 6-7 ай бойы қалың қар жатағын, бораны мен аязы бар солтүстіктегі ауылдың адамдары осы алты ай қыс бойы не істеуге тиісті?

Бұрынғыдай қора-қора мал жоқ, техника жөндеп, көктемгі егіске дайындық та жоқ. Бұлар ауыл адамдарының қыс бойы айналысатын шаруалары болатын. Қазір бар болса, қолдарындағы бес-алты малын қарайды да, бос жатады. Ауылдың адамдары үшін ендігі арада ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуші шағын кәсіпорындарды сол елді мекендерде ашу қажет пе деп ойлаймын. Ал жаңағы жылы жақтан көшіп келіп жатқандар, Арқаның қысын байқайды және жұмыс жоқтығынан көбі кері қайтып жатады. Және де, ауыл адамдары өндіріп жатқан өнімді, мемлекет тарапынан сатып алып кетуді ұйымдастырған абзал. Ауылдағы өндіріске электр қуаты да арзан бағамен берілуі керек. Қазір ауыл адамдары үшін өздер өндірген ет-сүт өнімдерін сатудың өзі қиынға түсіп отыр, өткізе алмайды. Өйткені, базар толы! Оларды, ауыл адамдарын маңайлатпайды да. Делдалдар болмашы бір тиын-тебенге сатып алып, ауыл адамның тері сінген еңбегінің қызығын солар көріп келеді. Қазір ауылдағылар өз малының тері-терсегін, жүнін коқысқа төгіп тастайды. Еш жер алмайды, қабылдамайды. Қажеті жоқ! Осының өзі ауыл тұрғындарының берекесін ала бастаған жоқ па екен деп ойланамын. Апырым-ай, сол қойдың жүнін де көдеге жарата алмағанымыз ба деп кейде күйінетін де кез болады.

Jas qazaq: Ауылдар қанырап тұр. Бос қалған үйлер, игерілмеген егістік секілді көрініс көңіл жабырқатады? Мұндай жерде жастардың тұрақтамасы белгілі. Енді не істеуіміз керек?

Ж.Ерғалиев: Өрине, қазіргідей жағдайда ауылда жастардың тұрақтамасы да анық, оларға ауылға барып тұрындар деудің өзіне ауыз бармайды. Жастар да жайлы үйлерде тұрғысы келеді. Бүгінгі озық заманның игіліктерін пайдалануға олар да хақылы. Балаларына терең білім бергілері келеді. Міне, осы жағдайларды ауылда да ұйымдастыруға болар еді ғой.

Рас, қазір ауылды жерлерде, әсіресе біздің солтүстік өңірлердегі ауылдардың үйлері тозып баралы. Олардың көпшілігі кешегі кеңестік кезеңде тың игеру жылдары мен «Тұрғын үй-91» деген бағдарлама кезінде салынған үйлер. Содан бері қаншама заман өтті. Тозды, бітті. Жалпы, біз осы жылдар ішінде Тәуелсіз казак елінде тәуелсіз казак ауылы осылай болуға тиісті деп үлгі етіп көрсете алар ауыл орнықтыра алдық па? Жоқ демейін, бар, бірден-саран... Егер солай болса, біз өзіміздің берекесіздігімізден сорлап отырмыз. Әйтпесе, ауылды жерді өркендетуге обалы нешік, Үкімет аз қаржы бөлген жоқ. Ана бір жылдары «ауылдың үш жылы» деп те қаржы төктік. Қайтарымы болды ма? Бола қойған жоқ. Ісімізден сөзіміз көп болды. Одан кейін агроөнеркәсіп саласын өркендетудің қабылданбаған бағдарламасы қалмады. «Ауылды жарыққаймыз» деп құрылған түрлі қаржы институттары мен қорлардан жаңылатын болдық. Қыруар қаржы шығарып, әлі күнге дейін сонау Аустралиядан бастап мал сатып алып жатырмыз. Апырма-ау, сол мал өз төлі есебінен өсіп, көбейетін уақыт болды ғой! Біз малды тек сатып әкеліп қана санап отыра бермекшіміз бе? Сол қыруар қаржы шығындап әкелген малдың қайтарымы қалай болды? Жылына 60 мың тонна ет экспорттаймыз деп байлаған уәдеміз қайда? Ең әуелі өз рыногымызды өзіміздің сапалы

етімізбен қамтамасыз ете алмай отырмыз.

Қазакстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев таяуда өткізген Үкіметтің кеңейтілген отырысында агроөнеркәсіп саласындағы шаруаға көңілінің толмайтындығын текке айтқан жоқ болар. Мемлекет басшысы мынаны айтты: Соңғы бес жылда ауыл шаруашылығы саласына 2,4 триллион теңгеден астам қаржы салынған. Алайда жалпы ішкі өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесі 4,5 пайыздан аспапты. Менің «берекесіздігімізден сорлап отырмыз» дегеніме осы нақты дәлел болар. Жұырда осы агроөнеркәсіп саласының аса күрделі жағдайы Сенат төрайымы Дариға Назарбаеваның бастамасымен



Сенатта қаралғанына қуандым. Ауыл шаруашылығының мәселесі — біздің әрқайсысымызды толғандыратын мәселе. Өйткені, экономикамыз осы ауыл шаруашылығы арқылы қуатты болары бар.

Jas qazaq: Сіз «мал бағу — үй-күйі жоқ, сорлы адамның ісі» деген көзқарас қалыптаса бастағанына алаңдап жүрісіз. Неге?

Ж.Ерғалиев: Себебі бар. Қазір ауылды жерде мал бағатын адам қалмай барады. Ауылда бос отырғандар көп. Бірақ мал баққысы келмейді. Өз малын өздері баға алмай отырған ауылдар бар десем, жаңсақ айтағаным болар. Содан қолындағы малын бағып, күту үшін ауылдың кей адамдары қаладан, тіпті полиция қызметкерлері арқылы үй-күйі жоқ, қаңғыбастарды тауып алып, амалсыздан малын соларға қаратады. Тіпті сиырын да солар сауып береді. Соны, яғни кісі жұмсағанды, жалшы ұстағанды біздің казак әжептәуір дәреже көреді, мақтаншы қылады. Сол үйдің өз балалары қолына айыр мен күрек ұстауды білмей барады. Ертен ол бала өскенде масыл болмай ма? Осыны көріп біздегі масылдық пияғыл алдағы уақытта көбейе бере ме деп қауіптенемін. Абай хакімнің «Кеттін-ау, ең болмаса мал баға алмай» деп өзегін өрттеген жай осы емес пе екен!? Бәріміз де сол ауылда мал бағып, еңбек етіп, шаруаға қарасып өстік, содан жаман бола қойған жоқпыз. Қазіргі уақытта адамдарды ұрлап әкеліп, тау-тастың арасына апарып, еріксіз құлдыққа ұстап, малын баққызып қоятындар шығып жатыр ғой. Бұл да кесел! Бәлкім, мал баға алмай кеткендегіміздің де кесірі шығар.

Jas qazaq: Елді мекендерді дамытуға арналған түрлі бағдарламаларды іске асыруда көзбояушылыққа салынып кеткен жоқпыз ба? Сәтсіздіктер неге аяқтан шала береді?

Ж.Ерғалиев: Берекесіздігімізден және бос даңғазалыққа салынып, мақтанға ұрынғандығымыздың кесірі болар. Қатаң талап та бола қоймады. Көзбояушылық та орын алды. Кемшілігімізді айтудан жасқандық. Бізде бәрі жақсы деген алдамшы күн кештік. Ауылға бөлінген Үкімет қаржысы қайтарым берді ме, берген жоқ па, ол жағын да терең пайымдай қоймадық. Сұраусыз ауыл, сұраусыз қаржы! Соның бәрі сәтсіздіктерге әкелді ғой деймін.

Jas qazaq: Бұрын қаланы қазакыландыру қажеттілігі туындағаны белгілі. Ал қазір ауылды дамыту керек боп тұр. Егер елде қалған тұрғындарға жақсы жағдай жасалса, бұл демографияға дем беріп, экономиканы дамытуға себепші болар ма еді. Осы бағытта мемлекет тарапынан қосымша бір қолдау керек деп ойлайсыз ба?

Ж.Ерғалиев: Елдегі тұрғындарға жағдай жасалса, дегеніңіз дұрыс. Алайда сол елдегілер ең әуелі өздеріне-өздері жағдай жасау жағын да ойлағаны абзал. Ол жағдай тағы да еңбек ете білу! Өрине, бізді бүгінгі күні демографиялық жағдай алаңдатады. Бұл орайда жас отбасыларын, қоппаласы отбасын қолдаудың нақты шаралары да жүзеге асырыла бастады. Ал енді ауыл адамдарын, ауылды жерде тұрып, еңбек ететіндерді өзгеше ынталандыру мәселесін әлі де ойлаластырған абзал. Жеңілдіктер болуы керек. Өрине, ауыл мәселесіне келгенде айтар ой әркімде бар екені ақиқат. Сол ойларды тоғыстырып, жүйелеп, әйтеуір ауылға бір жана тұрпаттағы жанашырлық пен қамқорлық керек!

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Ұлы дала еліндегі азаттық үшін болған күрес тарихы көптеген зерттеушілердің назарын аударып келеді. Алайда тәуелсіздік, елдің біртұтастығы жолындағы қозғалыс тарихы негізінен толық зерттелді деп тұжырымдауға болады.

1920-1930-жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихы бойынша мұрағат құжаттарын жинау және өңдеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 1917 жылға дейінгі Қазақстан тарихы бойынша жүздеген деректер қағазға түсірілді. Құнды құжаттар қорда түрлі тақырыппен тіркелді. Сонымен қатар, ауызша тарихи деректер де жинақталды. Осы турасында Халел Досмұхамедұлының «Исатай — Махамбет», «Кенесары — Наурызбай», «Шернияз акын» атты еңбектері дүниеге келді.

Түрлі деректер негізінде зерттеушілердің бірі — азаттық қозғалыстарына шынайы баға берсе, енді бірі — мәліметтерді теріске шығарды. Мәселен, казак есауылынан қызыл комиссарға дейін жеткен, Орынбордағы Орталық өлкелік мұрағатта қызмет еткен А. Рязанов өзінің бірқатар еңбектерінде «даладағы толқулардың революциялық маңызы болды. Өйткені казактардың күресі ресейлік реакциялық күштерді тоқтатты. Саяси дағдарыстың өрістеуін тездетті», — деп жазды. Михаил Вяткин, В.Шахматов тәрізді тарихшылар өздерінің сыни пайымдауын бекіту үшін 1836-1838 жылдардағы көтеріліс айқын антифеодалдық және отаршылдыққа қарсы сипатымен ерекшеленді. Оның негізгі қозғаушы күші шаруалар болды деп тұжырымдады. Петр Галузо мәселені әскери-феодалдық империализм ауқымында зерттеді. Оның пікірінше, патшалық Ресей әртүрлі халықтарды өзіне қосып алуымен қатар әскери-феодалдық езгіні орнатты. Мұның өзі казак даласындағы азаттық қозғалыстардың Ресей бодандығын қабылдағаннан кейінгі

бағасын ала алмады. Кеңестік идеология шеңберінде зерттеулер жүргізіп, маркстік-лениндік методология, соның ішінде таптық бағытты басшылыққа алған тарихшылар тарихи ақиқаттан алшақтады. Коммунистік партияның қаулы-қаралары да зерттеушілерді ғылыми тұжырымдардан гөрі, саяси пайымдау жасауға мәжбүр етті.

1952 жылы Қазақ ССР саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы тарих ғылымдарының кандидаты, қоғамның толық мүшесі Тілеш Шойынбаевтың «Кенесары Қасымовтың реакциялық феодалдық-монархиялық қозғалысын баяндаудағы ұлтшылдық бұрмалаушылықтарға қарсы» атты көпшілікке арналған лекцияның стенограммасы шағын кітапша түрінде жарияланды. Т.Шойынбаев Кенесары бастаған қозғалыстың алғышарттары мен себептерін 1822, 1824-жылдардағы жарғылармен, «хандық өкіметтің жойылуымен, Қазақстанда басқарудың Ресей жағдайындағы басқарушылыққа бейімделген жана жүйенің орнауымен» түсіндірді. Қозғалыс сипатын феодалдық-монархиялық түрде көрсету үшін тарихи оқиғалардың өңін айналдырып, шындықты «1824 жылдың өзінде Кенесарының әкесі — Қасым, ағасы Саржан хандық өкіметті қайта орнатуға, хандық атакты Қасымовтарға алып беруге тырысып, орыс селолары мен керуендеріне шабуыл жасай бастайды, өздеріне бағынбаған казак ауылдарын талан-таражға салады», — деп бұрмалады.

Қозғалысты реакциялық тұрғыда сипаттауға пәрменді мән берген

үзді. Көшпенді елдің әлеуметтік тұтастығы дағдарысқа ұшырады». «Ұлттық сана-сезім өз дәрменсіздігін сезген, ұлттардың жойылып кету қаупі туғанда, ел тағдыры, жер тағдыры ойландырғанда, казак қоғамының болашағын түпқазық еткен халықтық қозғалысты Хан Кене бүкіл бір өркениетті қорғаушы санатында» қозғалысты бастады. Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселені Хан Кене нақты қойды. Ол Ресейден біржолата азат бола алмайтынын түсінді. Сондықтан да казак елін Абылай хан тұсындағыдай империяның көлеңкесінде өз еркімен ішкі бостандығын, халықтың болмысын, хандық құрылысты сақтаған ел қылуды армандалы. М.Қозыбаев Хан Кене қозғалысының бірнеше ерекшеліктерін айқындады.

Посткеңестік кезеңдегі қырғыз тарихшысы, профессор Т.Кенесариеваның монографиясында казак-қырғыз қарама-қайшылығының басты себептерінің бірі — аймақтағы жалпы ахуалдың шиеленісуі патша өкіметінің отарлау саясатының салдары арқылы қарастырылды. Өкінішке қарай, кеңестік ғылымда мұндай теориялар мен тұжырымдамалар белгісіз болып келді. Сондықтан да ұзақ уақыт бойы қырғыз тарихшыларының Кенесары қозғалысының аяқталу сатысын зерттеу көзқарасы Бегімәлі Жамгершіновтің көзқарастары ықпалында болды. Тек 1990-жылдардың соңында ғана олар Кенесары қасіретінің мәресін біршама объективті түрде сипаттай бастады. Алайда Жанұзақ Қасымбаевқа дейін Кенесары сұлтанның қырғыз жеріне жорығының ақиқаты толығымен ашылмады. Сондықтан да автор осы проблеманы арнайы зерттеді. «Кенесары ханның соңғы жорығы және оның өлімі» атты еңбегінде «калыптасқан жағдайда Кенесары тек Ресейден бөлініп кету ғана емес, өзінің



Өмірдің өзінен

Ниет дұрыс болса...

Ол кісімен кездейсоқ танысып қалдым. Көрші үйде тұрады екен. Бірақ бес жыл бойына бір аулада тұрсақ та бір-бірімізді көрмеппіз.

— Пәтеріңіздің несиесінен құтылдыңыз ба?

— деді ол бірден әңгімеге көшіп.

— Сіз ше?

— Жок, жалғызілікті әйел не бігіреді?

— Балаларыңыз жас па?

— Жас деуге келмейді... Қызым — студент.

Ұлым үйленген. Келін екеуі Америкада тұрады.

— Ооо... Байып қайтуға кетті ме? — Менің сұрағым ынғайсыздау болған секілді. — Жаксы табыс табу үшін бе?



— Ұлым дәрігер еді... Ол жақта жаксы жалақы төлейді деген соң... Шүкір, өз күндерін өздері көріп жатыр. Жакында 500 доллар салып жіберіпті. Алғашқы жәрдемақысы.

— Дұрыс екен. Өзіңіз не жұмыс істейсіз?

— Мен бала күтушімін. 13 жылдан бері

үйренген кәсібім.

— Бала күтуші демекші, жакында Алматыда бір жарым жастағы сәбиді ұрған әйел ұсталды. Естідіңіз бе?

— Естідім. Бірақ мен ондай бала бағушылардың қатарынан емеспін. Алғаш рет орыс әйелдің баласын бақтым. Әке-шешесі жаксы адамдар. Бірақ бала өте мазасыз болды. Сондықтан кетуге тура келді.

Одан кейін де бір-екі казак отбасында үйреншікті ісіммен шұғылдандым. Барлығынан байқағаным, әйелдердің бос уақыты көп. Алатын жалақылары жоғары болғандықтан, бала бағушы жалдайды. Балалары телефонын қолынан тастамайды. Мен өзім қалғанда ештеңе ұстатпаймын. Өйткені телефон дегеніңіз — денсаулыққа зиян ғой. Көзін зақымдайды, жүйкесіне тиеді. Бір жолы пәтер иесі өздері жоқ та балалар жиі жылайтынын, көршілері дауыстарын еститінін айтты. Тіпті ашуға мініп алған. Содан кейін шындықты айттым. Олардың ойлауынша, менің істеген әрекеттерім дұрыс емес екен. Ақыры мен де ашуланып кетіп қалдым.

Соңғы 5 жылда бір үйде істеп келемін. Жаксы отбасы. Үйін жалдамалы жұмысшылар апта сайын айнадай жалтыратып жуып кетеді. Мен екі баласын аптасына екі рет шомылдырып, күнделікті жаялықтары мен іш киімін ауыстырып, жуып, үтіктеп отырамын. Арнайы аспазшы бар. Балаларға бөлек тағам әзірлейді. Балалар ұйқыға кеткенде, бір мезгіл ауылды еске аламыз. Ол жакқа енді қайта бармайтынымыз жан ауыртады.

Адам жалдау деген бұрын жоқ еді ғой. Қазір сәнге айналды. Бірақ кейбір ата-аналар өз талаптарын қояды.

— Мысалы...

— Менің қожайындарым балаларымен тек орысша сөйлесуді талап етеді. Қазакша тілдесуге тыйым салған. Бұған ренжуге де болмас. Өздері тіл білмеген соң, бәлкім, солай істей ме? Казак ертегілерін үйретейін десем, ат-тондарын ала қашады. Әр баласын «болашақ министр», «болашақ президент» деп айналып-толғанып отырады. Әрине, тілектері кабыл болсын! Бірақ туған тілінен бездірген жаксы емес-ау. Қалай десем де рахмет деуге тура келеді. Осылардың арқасында Қытай, Франция, Малайзия секілді елдерде болдым.

— Сізді неге ертіп жүр?

— Балаларын ала барады емес пе? Соларға қараймын. 3-5 жастағы ұлы мен қызы телефоны шұқылағанда ішіне кіріп кетеді. Жакында қымбат ноутбук әперді. Екі баланың арқасында менің де сауатым артып, біраз нәрсе үйренгенімді де жасырмаймын. Әлеуметтік желілерге кіріп, сайттардан аңаны-мынаны оқимын. Ілгеріде елдің бәрі газет-журналды жата-жастанда оқушы еді. Қазір жұрттың назары телефонда. Той түгілі, қаралы үйге көңіл айтуға барсаң да көретіңіз телефонын шұқылаған адамдар. Бір дәрігер танысым көзі ауыратын, жүйкесі тозғандар көбейді дейді. Уақытты босқа өлтіруден қорықпайтын, телефонсыз күн көре алмайтын мына заманда ауырмағанда не болады?! Мен де сол, байдың балаларын кенеттен келетін кеселден сақтандырғым келеді. Оны біреу түсінеді, біреу түсінбейді. Өзім үйге шаршап келсем де, бір мезгіл казак жазушыларының кітаптарын оқимын.

Көршімнің көңілі дұрыс. Бірақ кейбір ата-аналардың ниеті дұрыс емес. Өкінішті жағдай...

ТАРИХТЫҢ АҚТАҢДАҚ БЕТІ

уақыттарда өрістеді деген тұжырымға ежелді. Осылайша азаттық күресін шаруалар соғысы ретінде негізлеу жөнінде тезис қалыптасты.

Өз заманымен салыстырғанда біршама жана пікір Санжар Асфендияровтың еңбектерінен көрініс тапты. Ол XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстарды «Ресей Қазақстанды жаулап алды» деген ауқымда қарастырды. Бұл актіні тарихи заңдылық деп санады. Сондықтан да тәуелсіздік пен ұлттық біртұтастық үшін азаттық күресінің орын алмауы мүмкін еместігі туралы пікір қалыптастырды.

Тарихнамада ұзақ жылдар бойы айтылмаған бір зерттеу бар, ол — Елтоқ Ділмұхамедовтің еңбегі. 1946 жылы Ташкентте белгілі тарихшы Е.Ділмұхамедов «Кенесары Қасымовтың басшылығымен болған казактар көтерілісі (1837-1847 жж.)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Ізденушінің қорғауы кезінде Ермұқан Бекмаханов өзінің «XIX ғасырдың 20-40-жылдардағы Қазақстан» атты әйгілі монографиясын дайындап жатқан болатын. Сол себепті Е.Ділмұхамедовтың жұмысына ресми сарапшы болып тағайындалды. Өкінішке қарай, Е.Ділмұхамедовтың қорғауы 1946 жылғы бірқатар қаулы-қараларға дөп келді. Осыған орай, қорғаудың күші жойылды. Оның тек бір данасы Ділмұхамедовтер отбасында қалды. Қолда сақталған диссертациялық жұмыстың VII тарауынан 6 бет, IX тарауынан 14 бет алынып тасталған. Мұның өзі жұмыстың негізгі тарауларында айтылған тарихи оқиғалары шынайы дегенді білдіреді. Сондықтан да көпшілік зерттеушілердің назарын аудармас үшін жұмыстың 20 беті кесіп алынған. Батыл тұжырымдар диссертацияда жасалған тарихнамалық шолуда орын алғандықтан, олар кесіп алынбаған. Дегенмен қалған беттеріннен автордың архив құжаттарының негізінде оқиғаны тарихи тұрғыда баяндағанын байқауға болады. Ондаған жылдар бойы ғылыми ортаға мәлім болмаған еңбекті 2010 жылы кітап етіп басудың мүмкіндігі туды. Диссертацияның мазмұнымен таныса келе Хан Кене бастаған қозғалыс тарихының анағұрлым шынайы зерттелгендігіне көз жеткізуге болады. Тарихшы Анна Панкратова мен Мұхаметжан Әбдікалықов тәрізді «қозғалыстың прогрессивті маңызы болғандығын» көрсетті. Е.Ділмұхамедовтың пікірінше, Кенесарының ісі жалпыхалықтық іс болды. Себебі казактар өздерінің ұлттық мемлекетін құруға ұмтылды. Оның үстіне халық алдында тәуелсіздігін сақтап қалу үшін күресу міндеті тұрды.

1947 жылы Ермұқан Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясы жарық көрді. КСРО ғылым академиясының тарих институты осы кітап бойынша 1948 жылдың 28 ақпанында пікірталас өткізді. Артынша «Бекмаханов ісі» қозғалды. Тарихшы еңбегінің айналысында туындаған саяси даудың аяғы оны тор темірдің ар жағынан, бірақ шығарды. Ол 25 жылға сотталды. Тарихшының қасіреті туралы ғылымда поскенестік кезеңде талай рет айтылды, жазылды. Алғашқылардың бірі болып тарих ғылымдарының докторы, профессор Әбу Тәхенов зерттеп, Ермұқан Бекмахановтың талқылаған жыйынның стенограммасын жарыққа шығарды.

«Бекмаханов ісі» тарихшыларға соққы болды. Соның салдарынан Казак даласындағы ұлттық бірегейлік пен тұтастықты сақтап қалуға бағытталған күрес тарихы кеңестік кезеңде бұрмаланып, орын алған оқиғалар мен процес шынайы



Т.Шойынбаев «Қазақстанның Ресейге қосылуына қарсы, өздерінің ортағасырлық артықшылықтарын қайта орнату үшін 1837 жылы Кенесары Қасымов қолына қару алып күреске шығады. Сайып келгенде, ол реакцияшыл сұлтандар — Қаратайдың, Гүбайдулла мен Саржан бастаған істі алға апармақ болады», — деп жазды.

Кенесарының ұлттық біртұтастықты қалпына келтірудегі ұмтылысын «Кенесары өз алдына Қазақстанда хандық өкіметті орнатуды, ортағасырлық патриархаттық-феодалдық тәртіптер мен әдеттерді сақтауды, казак еңбекшілерін аяусыз қанау правосына мәңгі не болуды мақсат етіп қоялды», — деп көрсетті. Т.Шойынбаев пікірін: «Ол казак халқы мен казак жерін «Абылай атасынан мұраға қалған» өзінің меншігі деп білді. Сонымен, бұл қозғалыстың алдына қойған мейлінше айқын, нақты белгіленген феодалдық-монархиялық бағдарламасы болды. Ол бағдарламаның казак халқының шын мүддесімен ешқандай ұқсастығы жоқ еді», — деп нақтылай түсті.

Кенес өкіметі келмеске кеткен тұста тарихшыларға ой салып, ғылыми арнаның ағысын шынайы тарихқа бұруға ұмтылған бірлі-жарым ғалымдар табылды. Солардың бірегейі академик Манаш Қозыбаев еді. Ғалымның «Жауды шаптым ту байлап» еңбегінде казак халқының бірегейлігі мен біртұтастығы үшін күрес жана тарихи таным тұрғысынан қарастырылды. Ғалымның Ұлы дала еліндегі азаттық күреске берген бағасы осыған дейінгі бірде-бір зерттеуде жоқ. Сырым және Кенесары қозғалыстарының үндестігіне назар аударған ол екеуінің ерекшеліктерін: «Сырым батыр бастаған қозғалыстың реформаторлық қасиеті жоғары. Ал Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың отаршылдыққа қарсы көптеген ерекшелігін — елдің егемендігін, мемлекеттілігін негізгі күрес ұстанымын етіп, күн тәртібіне қойғандығында», — деп көрсетті.

Дегенмен М.Қозыбаев оларды нақтылай түсті. Автордың пайымдауынша, ол себептер патшалық отарлаумен тығыз байланысты, өйткені «дәл тарихтың осы кезеңінде көшпелі ел өркениетінің тамырына балта шабылды. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі өркениет өзінің өрісінен айырылды, қанаты қайырылды. ...отаршылдық осымен қатар ұлт біртұтастығының ғасырлар бойы қалыптасқан ата заңын (*әдеп-заңы*), ғұрыптарды, мемлекеттік басқару жүйесін бұзды. Ресейлік әкімшілік-саяси жүйе казак елінің дәстүрлік әлеуметтік байланысын

Оразгүл МҰХАТОВА,
тарих ғылымдарының докторы

Жолдасбек ДУАНАБАЙ



Адам өмірінің ең қызықты кезеңі — балалық шағы. Көзімнің жеткені — адамның балалық шағы ең ұмытылмайтын сәт. Сол кездегі оқиғалардың бәрі жадында мәңгі сақталып қалады. Біз өткен ғасырда дүниеге келген балалармыз. Қазіргідей компьютер, қалта телефоны дегенді білмедік. Мектепке баратын кезде анамыз табанымызды жуғызатыны әлі күнге есімде. Өйткені, таң атқаннан күн батқанға шейін топырақ кешіп ойнаймыз. Аяғымыз тоң боп қатып қалады. Түйенің табаны секілді. Тікен кіріп, теріден қан шыкса, топырақ сеуіп қоямыз. Ол кезде инфекция дегенді білмейді екенбіз. Анамыз аяғымызды жуғанда, терісі дуылдап қоя береді. Қазір


Мұрат НҰРӘСІЛОВ,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қайраткері:

Өнерге жетелеген үнді фильмі

ойланып отырсам, сол жалаңаяқ жүргеннің әсерінен денсаулығымыз да мықты болған секілді. Енді оқушы кездегі қызық бір оқиғаны айтайын. Қапалдағы мектеп-интернатта оқыдым. Менен үлкендеу Нұрғали Кенжебек деген баламен бірге оқыдық. Ол өзі тентектеу болды. Сол кездің өзінде ұрланып темекі тартатын. Бір күні мені шақырып алып, қолына татуировка жасап беремін деді. Үлкен болған соң көнуге тура келді. Менің қолыма ағашқа оралған жылан, өзінің қолына кемеңнің суретін



салатын болды. Сөйтіп инемен тушты алып, қолыма жыланның суретін салды. Ауырса да шыдауға тура келді. Ал өз қолына кемеңнің суретін салды. «Кемеңнің суреті дұрыс салынбады» деп, от жағатын бөлмедегі пештен көмірдің шоғын қолына қойып күйдіргені бар. Қолы күлдіреп ісіп кетті.



Сонда да қоймай кемеңнің суретін қайта салғаны бар. Қазір оның қолыма салған суреті әлі күнге қалып қойды. Қолыма қараған сайын сол сәт есіме түседі. Балғын шақтың тағы бір ғажап естелігі жадыма жүреді. Жылдың төрт мезгілінде де оқушы кезден бастап жұмысқа шығатынбыз. Шөп шабу, жинау секілді жұмыс істедік. Шөп шабатын тракторға отырудың өзі бізге ғарышқа ұшқандай әсер қалдыратын. Өнер жолына келетінімді бала кезден сездім. Жергілікті театр артистері келетін күнді еңбектеген баладан еңкейген қарияларға дейін асыға күтетін. Бүкіл ауыл соны тамашалауға дайындалады. Үй шаруасын ерте ынғайлап, малды өрістен ерте күтіп аламыз. Бала кезімде есте қалған тағы бір сәт ол — үнді киносы. Жарнама ілінген күннен бастап тағатымыз таусылады. Ауыл болып киноны тамашалағаннан кейін алған әсерімізбен бөлісеміз. Тіпті киномеханикке тағы бір рет қоюын өтінеміз. Үнді киносы менің өнерге келуіме жол ашты. Міне, жарты ғасырдан бері өнер жолында жүрмін. Көшеде, қонаққа жұрт танып жатса, қуанамыз. Балалық шақтың берген байлығы осы.

Жазып алған
Макпал
НОҒАЙБАЕВА



Қыс қаһары



Дереккөзі: Интернет



Фото: agent.kz

Фото: agent.kz



БАСПАСӨЗ – 2020

JAS QAZAQ газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032



Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

МАҚСАТЫМЫЗ АЙЫҢ ЖОЛЫҢ АШЫҚ

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жасар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05) Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2195; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 20 000 дана Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар. Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
---	--	--	---